**Үржар ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы**

Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 16 қарашадағы № 357 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда № 170-18 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 – бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 27.09.2024 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Үржар ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. "Үржар ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" Үржар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 528 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-18-178 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Абай облысы Үржар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Үржар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*А. Башимбаев*

Үржар ауданының әкімдігінің
2023 жылғы 16 қарашадағы
№ 357 қаулысына
қосымша

**Үржар ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 27.09.2024 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Стационарлық емес сауда объектілерінің нақты орналасқан жері | Атқаратын алаңы (шаршы метр) | Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл) | Қызмет саласы | Жақын маңдағы инфрақұрылым (тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру объектілері) |
|---|---|---|---|---|---|
| Науалы ауылдық округі | | | | | |
| 1 | Науалы ауылында О. Рахметов көшесі № 7 "А" мекенжайы бойынша орналасқан "Жандос" азық-түлік дүкеніне қарама-карсы 15 (он бес) метр қашықтықта | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | "Жандос" азық-түлік дүкені |
| 2 | Науалы ауылында О. Рахметов көшесі № 45 мекенжайы бойынша орналасқан "Нұрбол" азық-түлік дүкеніне қарама-карсы 15 (он бес) метр қашықтықта | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | "Нұрбол" азық-түлік дүкені |
| 3 | Науалы ауылында Бөгенбай көшесі № 1 мекенжайы бойынша орналасқан үйдің оң | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | 11 (он бір) метр қашықтықта " |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағында 10 (он) метр қашықтықта | | | | Нұрбол" азық-түлік дүкені |
| 4 | Науалы ауылында Байкенже көшесі № 2 мекенжайы бойынша орналасқан үйдің сол жағында 6 (алты) метр қашықтықта | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | 10 (он) метр қашықтықта "Еркебұлан" азық-түлік дүкені |
| 5 | Науалы ауылында Байкенже көшесі № 1 мекенжайы бойынша орналасқан үйдің оң жағында 6 (алты) метр қашықтықта | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | 7 (жеті) метр қашықтықта "Еркебұлан" азық-түлік дүкені |
| 6 | Науалы ауылында Шәкәрім көшесі № 1 мекенжайы бойынша орналасқан үйдің оң жағында 4 (төрт) метр қашықтықта | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | 10 (он) метр қашықтықта "Еркебұлан" азық-түлік дүкені |
| 7 | Науалы ауылында Шәкәрім көшесі № 1 "А" мекенжайы бойынша орналасқан "Еркебұлан" азық-түлік дүкенінің оң жағында 3 (үш) метр қашықтықта | 30 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | "Еркебұлан" азық-түлік дүкені |
| Үржар ауылдық округі | | | | | |
| | Үржар ауылында Абылай хан | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | даңғылы № 76 "А" мекенжайы бойынша орналасқан "Казына" шағын маркетінің сол жағында 7 (жеті) метр қашықтықта | 27 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | "Қазына" шағын маркеті, 18 (он сегіз) метр қашықтықта "Керемет" азық-түлік дүкені |
| 9 | Үржар ауылында Абылай хан даңғылы № 251 мекенжайы бойынша орналасқан үйге қарама-қарсы 15 (он бес) метр қашықтықта | 27 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | 35 (отыз бес) метр қашықтықта "Сұңқар" шағын маркеті |
| 10 | Үржар ауылында Сейфуллин көшесі № 4 мекенжайы бойынша орналасқан "Айжан" азық-түлік дүкенінің оң жағында 12 (он екі) метр қашықтықта | 27 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | "Айжан" азық-түлік дүкені |
| 11 | Үржар ауылында Қабанбай көшесі № 161 мекенжайы бойынша орналасқан үйдің оң жағында 11 (он бір) метр қашықтықта | 27 | 5 | азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар | 15 (он бес) метр қашықтықта "Дианұр" азық-түлік дүкені |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК